

**УЛЬКЕР БИСКВИТ САНАЙИ А.Ш.
(ÜLKER BİSKÜVİ SANAYİ A.Ş.)
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЯСАТЫ
және
БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ**

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Ülker Bisküvi A.Ş. (Ülker) компаниясы өз қызметін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал ету пайымын негізге ала отырып жүзеге асырады. Біз барлық бизнес-процестерде адамның негізгі құқықтарының сақталуына ұмтыламыз. Біздің мақсатымыз – адам құқықтарын құрметтейтін, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, қызметкерлер өздерін дамытып, пікірін еркін білдіре алатын және кемсітуге ұшырамайтын жұмыс күшін құру.

Ülker Bisküvi A.Ş. (Ülker) компаниясының адам құқықтарын қорғау Саясаты (Саясат) БҰҰ Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Жаһандық шарты, БҰҰ Бала құқығы туралы конвенциясы, Халықаралық еңбек ұйымы (ILO) Конвенцияларының, көпұлтты кәсіпорындар үшін ЭЫДҰ басшылық қағидаттарының, адам құқықтары аспектісінде кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарының (БҰҰ) ережелерінің, сондай-ақ ұлттық заңнама актілері ережелерінің негізінде әзірленді.

Аталған саясат адам құқықтарын қорғаудың Ülker Bisküvi компаниясының қызметінде және іскерлік қатынастарында қолданылатын міндеттері мен қағидаттарын айқындайды және компанияның барлық фабрикалары мен қызмет түрлерін қамтиды. Адам құқықтарын қорғау саясаты негізгі серіктестермен, жабдықтаушылармен және үшінші тұлғалармен жасалатын барлық келісімдерге енгізіледі.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

- БҰҰ Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы шеңберінде біз әрбір адамның негізгі құқықтарын құрметтейміз және өз қызметімізді аталған қағидаттарға сәйкес жүргіземіз.
- Біз кемсітпеушілік, балалар еңбегін пайдалануға тыйым, еңбекке мәжбүрлеуге тыйым салу, ұжымдық шарт жасау құқығы қағидаттарын және Халықаралық еңбек ұйымының "Еңбек саласындағы негіз құраушы қағидаттар мен құқықтар туралы" декларациясында мәлімделген бірігу еркіндігі қағидаттарын сақтаймыз, сондай-ақ, Түркия тараптардың бірі болып табылатын адам құқығын қорғау және әлеуметтік әділеттілікке қатысты халықаралық келісімдердің талаптарын сақтауға ерекше көңіл бөлеміз.
- Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын мемлекеттердің заңдарында танылған құқықтарды құрметтейміз және сақтаймыз.
- Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын мемлекеттерде құқықтардың бұзылуына немесе қылмысқа алып келуі мүмкін әрекеттерді жасамаймыз және біздің басшыларымыз бен қызметкерлерімізден де осындай әрекеттерді күтеміз.
- Жұмысқа қабылдау, оқыту, қызметте жоғарылату, еңбекақыны басқару сияқты процестерде біз құқық теңдігі қағидатын қатаң ұстанамыз, жыныстық, нәсілдік, діни, ұлттық, жастық белгілер, сондай-ақ физикалық мүмкіндіктер, жүктілік, сексуалдық бағдары, азаматтық мәртебесі, кәсіподақтағы мүшелігі, саяси көзқарастары мен өзге мәселелер бойынша кемсітуге жол бермейміз. Біз кемсіту көріністеріне төзбейміз. Біз қызметкерлеріміздің біліктілігіне, жұмыс тәжірибесі мен тиімділігіне байланысты бизнес-процестерді басқарудың ашықтығын қамтамасыз етеміз.

- Біз өз қызметкерлеріміздің ұжымдық шарт жасауға, жиналыстарды ұйымдастыруға, бірігу еркіндігіне құқығын, заңнама ережелері шеңберінде ұжымдық сауда-саттық құқығын қолдаймыз және пікірлерін білдіру еркіндіктерін құрметтейміз. Біз осындай құқықтарын пайдаланатын қызметкерлерімізді кемсітуге ұшыратпаймыз және оларға қысым көрсетпейміз.
- Біздің Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау тәсіліміз "жазатайым оқиғаларсыз" мақсатқа қол жеткізуге бағдарланған. Біз өз серіктестеріміз бен қызметкерлеріміздің жұмыс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын түсінеміз, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласында заңнама талаптарын сақтауға байланысты мәселелер бойынша қызметкерлеріміздің ақпараттандырылуын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлеміз және барлық қажетті шараларды қабылдаймыз.
- Біз қатыгездік қатынасқа, қорқытуға, қызметкерлерімізді жұмыс орнында қудалауға орын болмайтын жұмыс ортасын қамтамасыз етуге міндеттенеміз. Мұндай жағдайлар туындаған жағдайда біз қызметкерлерімізге пікір білдіру еркіндігін пайдалана отырып, бұл туралы хабарлауға кеңес береміз.
- Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын мемлекеттердің жұмыс уақыты мен артық жұмыс режимін реттейтін заңнамалық және құқықтық актілерінің ережелерін сақтаймыз.
- Біз өзіміз жұмыс істейтін мемлекеттердің жергілікті тұрғындарының құқықтарын құрметтейміз.
- Егер біз жұмыс істейтін мемлекеттерде адам құқықтарына қауіп төнсе, біз көмек сұрап билікке жүгінеміз.
- Біз қызметкерлерімізге адам құқығын қорғау жөніндегі халықаралық саясаткерлер белгілейтін және жыл сайынғы оқыту курстарын жүргізу жолымен қызметтің барлық салаларын қамтитын барлық қағидалар туралы ақпараттандырамыз.
- Біз сатып алу рәсімдерін әзірлейміз және Ülker Bisküvi A.Ş. компаниясының жеткізу тізбегін басқару саясатына, сондай-ақ осы Саясатқа сәйкес өз жеткізушілерімізді таңдаймыз.
- Біз өз қызметімізді жүзеге асыру процесінде туындауы мүмкін адам құқықтарын бұзу тәуекелдерін төмендету және сәйкестендіру жұмыстарын жүргіземіз.
- Біз өз қызметімізді жүзеге асыру процесінде адам құқықтарының бұзылуына байланысты проблемаларды, сондай-ақ осындай жағдайлардың әсеріне неғұрлым бейім топтарды сәйкестендіру жұмыстарын жүргіземіз.
- Біздің тарапымыздан адам құқығына жағымсыз әсер ету анықталған жағдайда біз мұндай әсерді жоюға тырысамыз.
- Біз компания жол берген құқық бұзушылықтарды өтеу үшін шағымдарды берудің ресми және бейресми механизмдерін әзірлейміз.

СЕРІКТЕСТЕРДЕН КҮТЕТІНІМІЗ:

- Біздің басшыларымыз, қызметкерлеріміз және Ülker компаниясы атынан әрекет ететін тұлғалар осы Саясаттың талаптарын сақтауға, сондай-ақ басшылыққа Саясаттың мүмкін болатын бұзылуы немесе бұзу жағдайлары туралы хабарлауға және/немесе шағым беруге арналған фирмаішілік арналары арқылы тиісті хабарламалар жолдауға тиіс.
- Біздің жеткізушілер мен іскерлік серіктестіктерден осы Саясаттың ережелерін сақтауды күтеміз.
- Біз мүдделі тараптарды Саясат туралы пікірлер беруге шақырамыз.

САЯСАТТЫ ҚОЛДАНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Осы Саясат Ülker компаниясының тұрақты дамуына тәсілдің ажырамас бөлігі болып табылады және компанияның барлық қызметкерлеріне олардың мемлекеттерінің тілінде танысуға ұсынылады.

Осы Саясат Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген және қолданысқа енгізілген.

Осы Саясат Әдеп жөніндегі комиссияның бес жылда кемінде бір рет қайта қарауына жатады, ол сонымен қатар өзгерістерді енгізу процесін де қадағалайды. Серіктестерден пікірлер түскен жағдайда Әдеп жөніндегі комиссия жоғарыда көрсетілген мерзімді күтпестен, Саясатқа өзгерістер енгізеді. Өнімдегі, қызметтер мен әрекеттердегі елеулі өзгерістер жағдайында Саясатты қайта қарау рәсімі мерзімінен бұрын орындалады.

Саясаттың ережелерін сақтамау тәуекелі болуы мүмкін басқа саясаттарға, рәсімдерге, процестерге, тәжірибелерге, өнімдер мен іс-шараларға қатысты немесе Саясат ережелеріне қайшы мәселелер қайта қарауға жатады.

Адам құқықтарына сәйкессіздік тәуекелдері Ülker компаниясында туындайтын және ол әсер ете алатын тәуекелдер немесе компания ұшырауы мүмкін тәуекелдер болып жіктеледі. Аталған тәуекелдерді төмендету үшін әртүрлі әдістер әзірленеді. Адам құқығын бұзудың тәуекелдері жоғары қызмет салалары, жағдайда жақсарту бойынша қабылданатын шаралар мен қадамдар компания ашық қолжетімділікте жариялайтын жыл сайынғы есепте көрсетіледі.

Осы Саясаттың ережелерін сақтамаған және/немесе аталған мәселе бойынша шағымдар түскен жағдайда тексеру нәтижелері бойынша тиісті тұлғаға немесе тұлғаларға тәртіптік жаза шаралары және/немесе аталған тұлғалармен еңбек шарттарын бұзу түрінде шаралар қолданылады. Саясатты бұзу оқиғалары туралы хабарлау үшін төменде көрсетілген байланыс арналарын пайдалануға болады. Осындай хабарламаларды жолдау кезінде тиісті мемлекетте қабылданған дербес деректерді қорғау туралы заңнама актілері ережелерінің талаптары сақталуы тиіс.

Сайт: <http://www.ulker.com.tr/tr>

Телефон: 0 (212) 567 15 67 (pbx)